

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ТҮРКІСТАННЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

Берік ЖҰБАНЫШОВ*

Түйіндеме: «Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», - деп Әбу-Насыр Әл Фараби айтқандай, түрік халықтар арасындағы байланысты өткен дәуірлердегі ерекшеліктерімен анықтау маңызды. Яғни, екі бауырлас болған қазақ және түрік халықтарының өткен тарихы бізге бірнеше оқиғалардан сыр шертеді. Екі ел арасындағы татулық біз үшін үлкен маңызға ие.

Кілт сөздер: *Осман империясы, Түркістан, ислам, түркі тайпалары, Орталық Азия*

Ties and Historical Continuity Between the Ottoman Empire and Turkestan

Summary: "Without knowledge of history, it is difficult to know the past, the present, to predict the future," said Abu Nasir Al Farabi noted, it is important to determine the connection between the Turkic peoples with the peculiarities of past eras. That is, the history of the Kazakh and Turkish peoples, who were brothers, shows us several events. Peace between the two countries is of great importance to us.

Keywords: *Ottoman Empire, Turkestan, Islam, Turkic tribes, Central Asia*

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған сәтте оны әлемдік қауымдастықтағы елдер ішінен алғаш болып Түркияның мойындағаны белгілі. Содан бергі кезеңде екі елдің арасындағы қарым-қатынастың қарқынды түрде дамып келе жатқанына баршамыз куә болып отырмыз. Бүгінгі таңда осы байланыстардың өткен дәуірлердегі ерекшелігіне де назар аударғанымыз абзал. Мұндай бағыттағы мәселелерді зерттеу тарихи жадымыздың жаңғыруына серпін беріп қана қоймай, бауырлас түрік тілдес халықтардың арасындағы байланыстарды одан әрі нығайтуға ықпал жасайтыны анық. Әсіресе османдық түріктердің түпкі ата-мекені Түркістан өлкесімен арадағы байланыстары мен оның тарихи сабақтастығы өзекті тақырыптардың қатарына жатады.

Ерте кезден Түркістанды мекен етіп, кейін тағдырдың тәлкегімен Кіші Азия мен Анадолияға қоныс аударған түрік тайпалары тарихтағы ең зор Осман империясын құрса да ешқашанда туған ата-мекені Түркістанмен байланыстары үзілген емес. Тарихи деректерге назар аударсақ түрік тайпалары Түркістаннан Анадолияға бір мезгілде емес, лек-легімен қоныс аударып, үнемі толықтырып отырған. Олардың алғашқы көші Түркістаннан Европаға кеткен ғұндардан бастау алады. Европаны дүр сілкіндірген ғұндардың көсемі Аттила қаза тапқан соң, ғұндардың бір бөлігі Византияға өтіп, жергілікті халықпен араласып кетеді. Олардың орнын VI ғасырдан бастап Түркістаннан ауа көшкен бұлғарлар, суварлар (сібірлер), аварлар, хазарлар басады [1, с.54]. Ортағасырлық деректер бойынша «ақ ғұндар» деп аталған суварлар Кіші Азияға жорық жасап, Каппадокияға дейін барса [2, с.126], аварлар Византияның әскерінде жалдамалы қызмет жасаған [3, с. 139]. Бұлғарлар болса Византиямен белсенді байланысқа түсіп, оның одақтасына айналған. Кейін ыдырауға түскен бұлғарлардың бір бөлігін Византия 530 жылы Анадолияға орналастырады. Махмұт Қашғаридің жазуынша түрік тілінде сөйлейтін суварлар мен бұлғарлар имектер мен қыпшақтар секілді Румға (Византияға) дейін қоныс теуіп, Анадолияның жергілікті халқының құрамын толықтыра түскен. Мәселен Түркістанға келген Византия елшілігінің құрамында Константинополдың тұрғындары болып табылатын 106 түрік жүрген [4, s.127]. VII-VIII ғасырлардан бастап хазарлардың Византиямен қатынасы күшейіп қағандары Византияның императорларына қыздарын ұзатса [5, s.44], хазарлардың игі жақсылары Византия императорының сарайында маңызды қызметтерді атқарған. Мәселен Варданиос деген хазар Анадолияның стратег деген ең жоғарғы мансабын иеленген [4, s.129].

* Профессор М.А. Тарих Ғылымдарының Кандидаты., Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті zhubanyshov.b@qzpu.edu.kz

VIII-X ғасырларда арабтардың Түркістанға жасаған жорығы күшейіп, ислам дінін қабылдаған түркістандық тайпалар Араб халифатымен одақтасады. Халифтер Ферғана, Хорезм, Самарқандтың көптеген түріктерін Анадолыға аттандырады. Олар Анадолыда «дін жолындағы» мұсылман әскерлерінің негізін құрап, Тарсус, Адан, Мараш, Малаты, Ахлата, Эрзурум секілді өңірлерде орналасады [6, s. 19]. Жалпы сол уақытта Анадолыға түріктердің тұтас тайпалары көшіп барған. Деректерге сүйенген С.Г. Агаджанов пешенег, баджгард, нукард және баджна деп аталатын төрт тайпа Түркістандағы Арал бойында оғыз, қимақ және қарлұқтардан жеңіліс тауып, Кіші Азияға кеткенін жазады. 932-933 жылдары осы тайпалар Византияның иелігіне басып кірген [7, с. 129]. Пешенектерден кейін оғыздар да Түркістандағы иелік үшін қыпшақтардан жеңіліс тауып, 1064 жылы Дунай арқылы Византияның иелігіне қоныс тебеді. Оғыздардың өкілдері де Византиядағы маңызды мансаптарды иеленген [7, с.64]. Сырдария жағасынан кеткен оғыздар батысқа түркілердің данасы Қорқыт туралы аңыздарды әкелді. Қорқыттың бейіті Сырдарияда тұрғанымен ол туралы аңыздар орта ғасырларда Кіші Азияда, тіпті Осман дәуірінде сақталып, осы кезге дейін жеткен. [8, с.82].

Қоныс аударулар үнемі жалғасын тауып, ендігі кезекте оғыздарды Түркістаннан шыққан селжұқтар бастап келеді. Сол кезде Түркістанда өмір сүрген селжұқ оғыздары 1055 жылы Иранмен бірге мұсылмандар халифатының орталығы Бағдатты басып алады. Селжұқтардың көсемі Тоғрул бек өзіне сұлтан атағын беруге халифты көндірген [8, с.5]. «Ислам сұлтандары» атанған Селжұқтар өздерін Қарахандықтардың үлгісімен Афрасиабтан таратқан [8, с.81].

Бұл кезде Кіші Азия батысында Дунай жағалауынан бастап шығысы Евфрат өзеніне дейін созылып жатқан үлкен мемлекет Византия империясына қарады [9, с.5]. Византия императоры 1071 жылы оларға қарсы түркілерді жіберген кезде олар соғысудан бас тартып, селжұқтарға қосылып кетеді [10, с. 23]. Соның нәтижесінде селжұқтар көптеген табыстарға қол жеткізіп, Ирак, Сирия, Азербайжан және Арменияның бір бөлігінде Ұлы Селжұқ мемлекетін құрады. Деректер бойынша селжұқтар оғыздардың қынық тайпасынан шыққан. Кіші Азияны басып алған қынық, салур, афшар, қайы, қараман, байандыр және басқа да түркі тайпаларының ішінде қынық тайпасы ең үлкен рөл атқарды, әсіресе оның бір бөлігін селжұқ руының көсемдері басқарды. Кіші Азияны басып алуда селжұқтар үстемдік етті [9, с.7]. Селжұқтардың бір бұтағы жорығын одан әрі жалғастырып, 1085 жылы Измирді басып алып, бүкіл Кіші Азияға бақылауын орнатады да Рум сұлтанатын құрайды [6, s. 2]. Осы Рум сұлтанатын 1180 жылы Түркістаннан келген аққойлы тайпалары басып алады [1, с.76].

Анадолыға орныққан оғыздар Түркістандағы саяси құрылымын сақтап бозоқ және үшоқ деп екі қанатқа бөлінген. Бозоқ атауы Орталық, Солтүстік Анадолыда әлі күнге дейін топоним ретінде сақталған [1, с.84]. Анадолы мен Кіші Азияда қарлұқ, қыпшақ, шігіл, ұйғыр куман тайпаларына байланысты этнонимдердің сақталуы бұл өлкеге тек қана оғыздардан басқа да түрік тайпаларының молынан келгенін көрсетеді [1, с.94]. Түркістаннан шыққан түркілердің Кіші Азияға қоныс аударуының екінші толқыны татар-моңғол шапқыншылығының қысымымен жүзеге асты. Яғни, Шыңғыс хан бастаған моңғолдардың Түркістанға басып кіруі Анадолыға да үлкен саяси өзгерістер туғызды. Өйткені Орталық Азиядан қашқан көшпелі түрік тайпалары Анадолыдан жаңа мекен тапты [1, с.126]. Шыңғыс ханның ордаларынан Кіші Азияға қарай қашқан түрікмен және оғыз тайпаларының ішінде Қайы тайпасы да кездеседі. Кейбір деректерде қайылардың Анкара маңындағы Қара-Дағ маңында қоныстанғандығы айтылады. Татар-моңғолдардан шегініп кеткен көшпелі түріктерді атамекені –Түркістаннан қиып тастады. Осында қайы тайпасынан шыққан Осман

(1288-1324) атты тұңғыш тәуелсіз бей билік құрады. Оның атынан мемлекет Осман империясы деп атала бастады, кейінірек батыс тілінде – империя – Османлы түріктері осында өмір сүрді. 1922 жылға дейін сұлтандық ретінде өмір сүрді [11, с.60]

Қыпшақтардың бір бөлігі де моңғол шапқыншылығынан кейін Кавказ арқылы Анадолыға қоныс аударған [6, с. 169]. Моңғол шапқыншылығына дейін Түркістанда өмір сүрген күшті қарақойлы тайпасы Тигр мен Евфрат арасындағы солтүстік аймақтарға барып мекен етеді. Осылайша, Кіші Азия XIII ғасырдың II жартысында түркілердің көшпелі тайпаларымен молынан толыға түседі. 1402 жылы Әмір Темірдің Анадолыға жасаған шапқыншылығынан көптеген түркі тайпаларының Анадолыға кетуіне алып келеді [1, с.128].

Осман империясының Түркістанмен байланысы Қазақ хандығының кезінде де үзілмей, дипломатиялық сипатта жүргізілген. Қазақ хандығының билеушісі Қасым хан Ноғай Ордасына қарсы күресуде Қырым хандығының қолдауына үміттеніп қана қоймай, Қырым арқылы Түрік сұлтанымен байланыс орнатуды көздеген. Осыған байланысты қазақ хандарының Осман империясымен арадағы барлық байланыстары Қырым хандығы арқылы жүзеге асырылған [12, с.187].

Қазақ-османдық жақындасуының келесі бір сәті, XVI ғасырдың II жартысындағы Қазақ хандығының билеушісі Қасым ханның ұлы Хақназар ханның кезінде көрініс тапқан [12, с.189]. Жақында XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы мен Осман империясы билеушілерінің арасында дипломатиялық хат алмасудың болғанын нақты көрсететін құжат табылды. Осман империясының мұрағатында 1711 жылдан кейін жазылған деп болжанатын Қазақ ханының түрік сұлтаны Ахмед III-ге жазған хаты сақталған. Онда қазақ билеушісі өзі түрік сұлтанының досы және Мәскеуге қарсы әскери одақ құруды ұсынып, Осман империясын мұсылман және түркі әлемінің басшысы ретінде көрген. [12, с.190].

Түркістан өлкесінде патшалық Ресейдің үстемдігі толық орныққан кезде де жергілікті халықтың османдық түріктермен өзара байланысы тоқтамаған. Патшалық Ресей XIX ғасырдың бастап бүкіл Түркістанға өз билігін орнатқан соң жергілікті халықтың басқа елдердегі діндес, тілдес халықтармен байланыс жасауына мүлдем тыйым салу наразылық туғызбай қоймайтындығын жақсы түсініп, Ресей империясы аумағына заңды тәртіпке сәйкес келіп, саудамен немесе басқа шаруашылық істермен шұғылданатын османдық түріктердің әрекеттері зиянды болмаса, ондайларды тек үкіметтің ұйғарымымен ғана елден шығару жөніндегі ережелерді бекітеді. Дегенмен осындай ережелерге қарамастан, отарлық билік орындары османдық түріктердің қазақ даласында тұруы зиянды, олар жергілікті халықты билікке қарсы айдап салуы мүмкін деп сезіктеніп, Осман империясынан келген адамдарды қазақтар арасында тұрғызбау керек деген пікірде орын алады [13, 1-4 п.]. Мұндай күдіктің болуына патша өкіметінің 1867-1868 жылдары жүргізген саяси-әкімшілік реформаларына байланысты қазақтар арасында туындаған көтеріліс өз әсерін тигізген еді. Өйткені, осы көтеріліс барысында белсенділік танытқандардың арасында Осман империясы аумағына өтіп кетушілер де болған-ды. Оған 1864 жылы өз бетінше Ыстамбұлға барып, түрік азаматтығын алған Ішкі Орда қазағы Әбсаттар Жәбіровтің Ресей империясы аумағына келуіне тыйым салып, оны Осман империясы иелігіне өткізіп жіберу дәлел бола алады [14, 1-5 п.].

Мұнымен қатар 1876 жылы шілдеде Ішкі істер министрлігі жергілікті билік орындарына арнайы мәлімдеме таратып, Ыстамбұлдағы дін басылардың Ресей мұсылмандарымен байланыс орнату арқылы олардың арасында толқулар туғызуды көздеп отырғанын, соған орай елге түрік тыңшыларының еніп кетуінен сақтану керектігін ескертеді. Мұндай нұсқаудан кейін отарлық билік орындары шұғыл түрде мұсылман елдімекендеріне қадағалауды күшейтіп, тез арада Орынбор қаласынан, Торғай облысының Елек уезінен және Түркістан генерал-губернаторлығынан үш түрік

азаматын қолға түсіріп, тұтқынға алды [15, 3 п.]. Жергілікті отарлық билік орындары түрік эмиссарларын әшкерелеу барысында Орталық Азия аумағына бұдан бірнеше жыл бұрын келіп, белгіленген тәртіпке сәйкес тіркеуден өтіп, түрлі кәсіппен айналысып жүрген османдық түріктерді елдің аумағынан ығыстыруды қолға алды. Мәселен, саудамен шұғылданып жүрген Шейх-Әли деген османдық түрік Дәуіт есімді ұлымен бірге Ішкі Ордада ұсталып, еліне қайтарылды [16, 9-10 п.]. Ақтөбе өңіріне Астраханнан кітап тасымалдап, бұл кітаптарды қазақтар арасында сатумен айналысқан Қапез Хүсейін деген османдық түрікке де іздеу салынып, онымен тығыз байланыста болған Ақтөбе болыстығында тұратын хазірет Нұрпейіс Байғарин тергеуге алынады [17, 1 п.].

XIX ғасырдың соңына қарай Орталық Азия аумағында діни уағыздар жүргізген османдық дін басылардың бой көрсетуі одан әрі жиелей түседі [18, 1-6 п.]. Әсіресе Орталық Азия аумағынан түрік азаматтарын қуғындау 1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен соң екпін ала түсті. Патша өкіметінің мұндай әрекетке баруына Әндіжан көтерілісі жетекшілерінің бірінен саналған Дукчи ишанның түрік сұлтаны II Абдулхамидке хат жолдап, астыртын байланыс жасауынан көтеріліс ұйымдастырылды деп күдіктенуі әсер еткен [19, 7 п.].

Бірінші орыс революциясынан кейін Түркістан өңіріндегі халықтардың арасында Түркияға барып білім алуға деген талпыныс артып Ыстамбұлдағы жоғары оқу орындарында Ә. Ғайсин, С. Шанов, Д. Көлбаев, М. Тұрғанбаев сияқты бірқатар қазақ жастары білім алады [20, 127-136-б.].

Полиция департаментіне келіп түскен мәліметтерге қарағанда, Түркістан генерал-губернаторлығындағы жергілікті халық өкілдері Ресейдің Балқан мемлекеттерімен жүргізген соғысында жарақат алған түрік жауынгерлерінің пайдасына деп қаражат жинауға шақырған ұнпарақтар тарту орын алған [21, 51 б].

Орынбор жандармериясы басқармасының мәліметінше, Қоқан қаласының тұрғындары 23 мың сом қаражатты Түркияға жіберсе, Сырдария облысына қарасты Созақтағы қазақтар Түркия үшін деп 40 мың сом жинаған. Верный қаласы мен оның төңірегіндегі мұсылмандар атынан Түркияға көмекке делініп 10 мың сом жіберілген. Патша өкіметі Ресейдегі мұсылмандардың түріктерге көмек көрсетуге деген әрекетіне тосқауыл қою жөнінде және ондай шараны ұйымдастырып жүрген түрік тыңшыларын қолға түсіру жайлы жергілікті билік орындарына арнайы тапсырма берді. Осындай тапсырмадан соң жандармерия халық арасында Түркияға көмекке деп қаражат жинастырушылар түрік азаматтары болуы мүмкін деп, оларды қолға түсіру шараларын жүзеге асыра бастады. Мұндай шараның іске асырылуы барысында Созақтағы қазақтар арасынан Махмед Салих, Камалатдин Ибраһим және Хасан Яхияоглы деген түрік азаматтарын қолға түсіріліп, тергеуге алынды. Ресейдегі мұсылман халықтары Балқан соғысы тұсында түріктерге тек қаражат жинау арқылы ғана жәрдем көрсетумен шектеліп қалған жоқ. Түркияда білім алып жатқан ресейлік мұсылман халықтарының өкілдері, соның ішінде қазақ студенттері де түрік армиясының госпитальдарында жаралаларға көмек көрсетті. Бұған Ф. Каримовтың Ыстамбұлда болған кезінде түрік армиясы госпитальдарының бірінде ерікті түрде жұмыс істеп жүрген екі қазақ студентімен жолығып, олармен бірге суретке түскені дәлел бола алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталысымен патша өкіметі империя аумағында түрік азаматтарының тұруына тыйым салды. Министрлер кеңесінің шешіміне сәйкес үкіметтік және қоғамдық ұйымдарда, сондай-ақ жекеменшік мекемелерде Ресеймен әрі оның одақтастарымен соғысушы мемлекеттердің азаматтарына жұмыс істеуге жол берілмейтін болды. [21, 52 б].

Осылайша, отарлық жағдайдағы қазақтар арасында түріктерге деген іштартушылық орын алғанына қарамастан екі халықтың өзара байланыстарына Осман империясы мен Ресей империясының арақатынасында орын алған оқиғалар өзіндік

ықпалын тигізді. Сондай-ақ патшалық Ресейдің отарлық саясатына деген қазақтар арасындағы наразылық Түркияға қолдаушылық таныту түрінде де көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Еремеев Д.Е. Этногенез турок (происхождение и основные этапы этнической истории). Москва: Наука, 1971. – 272 с.
2. Летопись византийца Феофана от Диоклетиана до царей Михайла и сына его Феофилакта. М., 1844.
3. Пигулевская Н. Сирийские источники по истории народов СССР. – М.-Л., 1941.
4. Atabinen R.S. Les Turcs à Constantinople du Ve au XVe siècle. Istanbul, 1956.
5. Bayri M.H. Istanbul folklore. - Istanbul: Türkiye Yayınevi, 1947. - 236 s.
6. Yinanç, M.H. Türkiye tarihi selçuklular devri. Istanbul, 1944. 191 s.
7. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII веков. Ашхабад: Ылым, 1969. 297 с.
8. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: Жалын, 1993. - 192 с.
9. Новичев А.Д. История Турции. В 4-х томах. Эпоха феодализма (XI-XVIII вв.). Л.: Издательство Ленинградского университета, 1963. – Т.1. - 314 с.
10. Гордлевский В.А. Государство Сельджукидов Малой Азии. М.-Л.: АН СССР, 1941. 200 с.
11. Шеремет В.И. Становление Османской империи XIII-XVI вв. // Новая и новейшая история, 2001, №1.- С.60-69.
12. Атыгаев Н. Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV-XVII веков. Алматы: МКТУ им. Х.А. Ясави, 2023. – 225 с.
13. ҚРОММ. 25-қ., 1-т., 2192-іс.
14. РФММ. 109-қ., 212-т., 186-іс.
15. ҚРОММ. 769-қ., 1-т., 2-іс.
16. ҚРОММ. 78-қ., 1-т., 168-іс.
17. ҚРОММ. 25-қ., 1-т., 2251-іс.
18. ҚРОММ. 15-қ., 2-т., 250-іс.
19. ҚРОММ. 369-қ., 1-т., 753-іс.
20. Ряполов В.В. Герmano-турецкая агентура в Средней Азии и Афганистане в начале XX века // Вопросы истории. – 2007. - №3. – С.147-152.
21. Рүстемов С.К. Қазақ-түрік байланыстары тарихынан (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезі) // Отан тарихы, 2011. - №2 (54). 44-55 бб.

